

ӘЛ – ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Филология, әдебиеттану және әлем тілдіері факультеті
Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасы

Филология, әдебиеттану және әлем тілдіері
факультеті
Ғылыми кеңесінің мәжілісінде **БЕКІТІЛДІ**
№ 1 хаттама, «27»тамыз 2014 ж.
Факультет деканы _____Ө.Әбдиманұлы
«___» _____ 2014 ж.

Мамандық Филология 6М020500

СИЛЛАБУС

«Абайтанудағы жаңа бағыттар»-пәні.

Пән коды ЖАКӘ

1 – курс, қазақ бөлімі. Көктемгі семестр, 3-кредит, элективті курс

Дәріскер: ф. ғ. д., профессор Мәдібаева Қанипаш Қайсақызы

e-mail: kari-51@mail.ru

каб.: 325 каф.

Оқытушы:

Семинар сабақтарын өткізуші – ф. ғ. д., профессор Мәдібаева Қанипаш
Қайсақызы

e-mail: kari-51@mail.ru

каб.: 325 каф.

Пререквизиттер: Абайтануға кіріспе, әдебиет теориясы,

Постреквизиттер: Абайтанудың өзекті мәселелері

Пәннің мақсаты мен міндеттері:

Бұл арнаулы курстың негізгі мақсаты магистранттарға қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың ақындық әлемін зерттеудің ендігі көкейкесті міндеттеріне айқындау жөндерін мейлінше жан-жақты, ғылыми негізде ұғындыру. Абайтану тарихының ғылыми құнды нәтижелерін тереңдеп тануға, талдауға баулу.

Абайтануда Мұхтар Әуезовтің абайтану іліміне келуін, оның негізгі арналарын айқындап, ғылыми жүйелеу жөндерін тарата зерделеу.

Қажым Жұмалиевтің Абай поэзиясының тілін зерттеуін ұғындыру. Абай поэзиясының тілін зерттеудің дамуы және өзекті мәселелері жайлы жан-жақты ұғым және мәтінмен жұмысқа баулу. Абай ақындығының айналасы жайлы Абайдың Шығысы мен Батысы жайлы М.Әуезов зерттеулерінің кезеңдік өзгерістерін ұғындыру. Бұл бағыттың қазіргі өрісі жайлы, келешек

міндеттері жайлы жан-жақты түсінік беріп, магистранттардың зерттеу жұмыстарына тарту.

Абайтанудың қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелерінің бірі – Абайдың дара сөздерінің жанрлық сипатын теориялық негіздеулер арқылы аша түсу, ұғындыру.

Абай аудармаларының зерттеу проблемаларын ашу.

Абайдың лирикасын жанрлық негіздеулер жөнінен қарастыруды дамыту мәселелерін таныту.

Абайдың ақындығын Абайтанудың бүгінгі деңгейі, жетістігі негізінде ұғындыру, таныстыру.

Көкейтесті көкжиектерін көтеріп, зерттеу мәселелерін алға қою.

Абайдың сөз өрнегін, тілін, оның қазақ тілін байытудағы орнын кейінгі зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып аша түсу.

Абайдың қазақ өлеңіне әкелген жаңалық, өзгешелігін айқындай түсу.

Абайдың ақындық мектебін: Шығыстан, Батыстан не алғанын айғақтай түсу.

Абай өлеңдері мен қара сөздің өзара байланысын таныту.

Абайтану зерттелу жөнінен кенде ғылым емес. Сонымен бірге абайтанудың кенжелеп отырған тұстары да за емес.

Абайдың өлеңін әдебиетіміздің арғы арналарымен сабақтастықта қарау. Белгілі теоретик ғалымдар еңбегін назарда ұстау, негіз еті.

Құзіреттіліктер:

- көркем әдебиет туындыларын, жазушылар шығармашылығын зерттеу үдерісінде қолдана білу қабілеттілігі, қазіргі әдебиеттанудың методологиялық аппаратын, қазіргі ғылыми пәндердің өзара байланыс ерекшеліктерін түсіну, пәнаралық зерттеулер жүргізу және әртүрлі білім салаларының, ғылыми мектептер мен бағыттардың жетістіктеріне сүйену;

- интеллектуальдық, мәдени және кәсіби өз бетінше даму мен өз бетінше жетілудің болашақ деңгейлерін тарату және құру қабілеттілігі, жинақталған тәжірибені сын көзбен қайта қарап қорыту, қажет жағдайда өз кәсіби және ғылыми-зерттеу қызметінің түрі мен сипатына қарай өзгерту;

- шығармашылыққа, инновациялық идеялар туғызуға, өз бетінше ғылыми болжамдар негіздеуге және ұсынуға, зерттеу мақсаттарын қою мен таңдаудың тиімді жолдары мен әдістерінің жетістіктеріне қабілеттілік;

- әдеби шығармашылықты зерттеу үдерісінде, әдеби және көркем құбылыстарды талдауда қазіргі ғылыми теориялар мен тұжырымдарды қолдана білуге қабілеттілік;

ПӘННІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Апта	Тақырыптардың аталуы	Сағат саны	Бағасы
1-модуль			
1	Дәріс. Абайтану ілімінің қалыптасып, дамуы және қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелері	1	0
	Семинар. Абайдың әдеби мұрасының сақталу, басылым жайы.	1	4
	МОӨЖ. Мұхтар Әуезов және абайтану мәселелері.	2	6
2	Дәріс. Абай шығармаларының жанрлық қырлары.	1	0
	Семинар. Абай және XIX ғасырдағы қазақтың жаңа жазба әдебиеті.	1	4
	МОӨЖ. Мұхтар Әуезов және абайтану мәселелері	2	6
3	Дәріс. Абайдың өлең құрылысы. Абай өлеңіндегі ұйқас, буын, бунақ, ырғақ өлшемдері.	1	0
	Семинар. З.Ахметов және абайтану ілімі	1	4
	МОӨЖ. Абайдың ақындығы және Шығыс әдебиеті.	2	6
4	Дәріс. Абайдың сөз өрнегі.	1	0
	Семинар. Абай және орыс әдебиеті.	1	4
	МОӨЖ. Қажым Жұмалиев және абайтану мәселелері.	2	6
5	Дәріс. Абай ақындығына орыс, Еуропа әдебиетінің ықпалы.	1	0
	Семинар. Абай – қазақ әдебиетінің классигі.	1	4
	МОӨЖ. Дулат және Абай.	2	6
6	Дәріс. Абайдағы дін, дүниетаным жайы	1	0
	Семинар. Абайдың 13,38 қарасөздері	1	4
	МОӨЖ. Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңі	2	6
2-модуль.			
7	Дәріс. Абай қарасөздерін зерттеу	1	0
	Семинар. Абай қарасөздерінің жанрлық	1	4

	қырлары		
	МОӨЖ. Х.Сүйіншәлиевтің «Абайдың қарасөздері» еңбегі	2	6
	Midterm Exam		100
8	Дәріс. Абай шығармаларының текстологиялық мәселелері	1	0
	Семинар. 1909 жылғы жинақтың құрылымы мазмұны	1	4
	МОӨЖ. Абай аудармаларының текстологиялық мәселесі.	2	6
9	Дәріс. Абай поэзиясындағы ғаруз өлшемі	1	0
	Семинар. Абай поэзиясына шығыс әдебиетінің ықпалы	1	4
	МОӨЖ. Абай және қазақтың ХІХ ғасырдағы жаңа жазба әдебиеті	2	6
10	Дәріс. ХХ ғ. 20 жылдардағы абайтанудағы айтыстар	1	0
	Семинар. Абайдың 1922 жылғы Қазан-Ташкент басылымдары	1	4
	МОӨЖ. Ғ.Сағи, І. Жансүгіров, Ы. Мұстамбаев, Б. Кенжебаевтың 20 жылдардағы Абай шығармашылығын бағалауы	2	6
11	Дәріс. Мекемтас Мырзахметовтың абайтанудағы зерттеулері	1	0
	Семинар. М. Мырзахметовтың «Абайтану тарихы» еңбегі	1	4
	МОӨЖ. «М.Әуезов және Абайтану проблемалары» монографиясындағы ғылыми ұстаным.	2	6
12	Дәріс. Қ.Мұқаметқанов және Абайдың ақындық мектебі мәселесі	1	0
	Семинар. Абайдың ақын шәкірттері	1	4
	МОӨЖ. Көкбай Жанатайұлының ақындығы	2	6
13	Дәріс. Мүрсейіт қолжазбалары	1	0
	Семинар. Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасы	1	4
	МОӨЖ. Абай қара сөздеріне қатысты жаңа бағыттағы зерттеулер (С. Қосан)	2	6
14	Дәріс. Т.Әлімқұлов және абайтану мәселелері	1	0
	Семинар. Абай поэзиясының өлең құрылымы және орыс әдебиеті	1	4
	МОӨЖ. Абай және Лермонтов	2	6

15	Дәріс. Р.Сыздықованың Абайдың сөз өрнегін зерттеуі	1	0
	Семинар. Абай және ХІХ ғасырдағы қазақ жазба әдеби тілі	1	4
	МОӨЖ. Абай поэзиясының тілі	2	6

Негізгі оқулықтар мен оқу құралдары:

1. Абай. шығармалары (әр жылғы басылым)
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы, 1967.
3. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихы мәселелері және Абай поэзиясының тілі. - А., 1960
4. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. А., 1958.
5. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. – А., 1972.
6. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қара сөздері. А., 1958.
7. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. –А., 1986.
8. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – А., 1995.
9. Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы, 1986.
10. Әуезов М. Абайтану курсы. – Алматы, 1995.
11. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары.
12. Абайтану. Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы, 1988.

ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

Жұмыстардың барлық түрін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған, немесе 50% - дан кем балл алған студенттер бұл тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап, тапсыруына болады.

Орынды себептермен зертханалық сабақтарға қатыспаған студенттер оқытушының рұқсатынан кейін лаборанттың қатысуымен қосымша уақытта зертханалық жұмыстарды орындауға болады. Тапсырмалардың барлық түрін өткізбеген студенттер емтиханға жіберілмейді

Бағалау кезінде студенттердің сабақтағы белсенділігі мен сабаққа қатысуы ескеріледі.

Толерантты болыңыз, яғни өзгенің пікірін сыйлаңыз. Қарсылығыңызды әдепті күйде білдіріңіз. Плагиат және басқа да әділсіздіктерге тыйым салынады. СӨЖ, аралық бақылау және қорытынды емтихан тапсыру кезінде көшіру мен сыбырлауға, өзге біреу шығарған есептерді көшіруге, басқа студент үшін емтихан тапсыруға тыйым салынады. Курстың кез келген мәліметін бұрмалау, Интранетке рұқсатсыз кіру және шпаргалка қолдану үшін студент «F» қорытынды бағасын алады.

Өзіндік жұмысын (СӨЖ) орындау барысында, оның тапсыруы мен қорғауына қатысты, сонымен өткен тақырыптар бойынша қосымша мәлімет алу үшін және курс бойынша басқа да мәселелерді шешу үшін оқытушыны оның келесі офис-сағаттарында таба аласыз:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз
I (Incomplete)	-	-	Пән аяқталмаған (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
P (Pass)	-	-	«Есептелінді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
NP (No Pass)	-	-	«Есептелінбейді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AW (Academic Withdrawal)			Пәннен академиялық себеп бойынша алып тастау (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AU (Audit)	-	-	« Пән тыңдалды» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
Атт-ған		30-60 50-100	Аттестатталған
Атт-маған		0-29 0-49	Аттестатталмаған
R (Retake)	-	-	Пәнді қайта оқу

Кафедра мәжілісінде қарастырылды

№ __ хаттама «__» __ __ 2014_ ж.

Кафедра меңгерушісі, профессор

А. Темірболат

Дәріс оқушы, профессор

Қ. Мәдібаева